## Теректі ауданы бойынша 2011 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 25 сәуірдегі № 111 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 24 мамырда № 7-12-108 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 1 ақпандағы № 26 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әкімдігінің 2012.02.01 № 26 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жыл 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ", Қазақстан Республикасының 2001 жыл 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысын басшылыққа алып, еңбек нарығындағы жағдайды және жұмыстарды ұйымдастыруды жақсарту мақсатында, аудан ұйымдарынан түскен сұраныс пен ұсыныстарды ескеріп, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Теректі ауданы бойынша 2011 жылға қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. "Теректі ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне және қоғамдық жұмыстарды жүргізетін ұйымдарға (келісім бойынша) осы қаулыдан туындайтын қажетті шаралар қабылдау ұсынылсын.
3. Қоғамдық жұмыстарға қатысушылардың еңбегіне төленетін ақы жергілікті бюджеттен қаржыландырылады.
4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н. М. Сабировқа жүктелсін.

*Аудан әкімі А. Утегулов*

*КЕЛІСІЛДІ:*

Теректі аудандық сотының төрайымы
______________Джумашева З. К.

*22.04.2011 ж.*

"Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы
______________Кожангалиев А. И.

*22.04.2011 ж.*

"Теректі аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы
______________Өтемісов Р. А.

*22.04.2011 ж.*

Аудан әкімдігінің 2011 жылғы 24 сәуірдегі № 111 қаулысына қосымша

## Теректі ауданы бойынша 2011 жылға қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері

| № | Ұйымдардың тізбесі | Қоғамдық жұмыс түрлері | Қатысушы-лардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржылан-дандыру көздері | Көлемі мен нақты жағдайлары |
|---|---|---|---|---|
| 1 | "Теректі ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі | | | |
| 2 | Теректі аудандық соты | | | |
| 3 | "Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі | | | |
| | "Теректі ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі | | | |
| 5 | Теректі ауданы әкімінің "Луч" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны | | | |
| 6 | "Федоровка селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | | | |
| 7 | "Ақжайық селолық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі | | | |
| 8 | "Ақсоғым селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | | | |
| 9 | "Ақсуат селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | | | |
| 10 | "Аңқаты селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | | | |
| 11 | "Богданов селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Түскен өтінімдерге сәйкес | Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген жалақының ең төменгі мөлшерінен төмен емес. Қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен. | Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес келісім шарт бойынша |
| 12 | "Долин селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | | | |
| 13 | "Көнеккеткен селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | | | |
| 14 | "Новопавлов селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | | | |
| 15 | "Подстепное селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | | | |
| 16 | "Покатилов селолық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі | | | |
| 17 | "Приречный селолық округі әкімінің аппараты" ММ | | | |
| 18 | "Придорожный селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | | | |
| 19 | "Төңкеріс селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | | | |
| 20 | "Ұзынкөл селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | | | |
| 21 | "Шағатай селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК